

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Заң факультеті
Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасы

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

Пән: 1665997 Су заңнамасын жетілдіру мәселелері

«7М04217 Құқықтану» білім беру бағдарламасы негізінде жасалынды

Курс – 1
Семестр – 2
Кредит саны – 6
Білім бері нысаны: күндізгі

Алматы 2025 ж.

Пәннің қорытынды емтихан бағдарламасын құрастырған —аға оқытушы Джетибаев Н.С.
«7М04217, Құқықтану» білім беру бағдарламасы негізінде жасалынды.


Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының мәжілісінде қаралып
ұсынылды.

№ 1 Хаттама «27» тамыз 2025 ж.

Кафедра меңгерушісі, з.ғ.д., профессор  Г.А. Куаналиева


Білім беру және оқыту сапасы бойынша академиялық комитетпен
мақұлданды.

№ 1 хаттама «27» тамыз 2025 ж.

Төрайымы  А.А. Урисбаева

Факультеттің Ғылыми кеңесінде ұсынылды.

№ 1 хаттама «27» тамыз 2025 ж.

Ғалым хатшы  Г.М. Атаханова



Кіріспе

7М04217-Құқықтану» білім беру бағдарламасы мамандығы бойынша бакалавриат білім алу бағдарламасын игеру ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына және академиялық саясатқа сәйкес, пәнді оқып игеру емтиханды тапсырудан тұратын қорытынды бақылаумен аяқталады. Емтихан - қорытынды бақылауға бакалавриаттың оқу бағдарламалары мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес, пән бойынша білім алу процесін аяқтап тиісті балл жинаған студенттер ғана жіберіледі. Емтихан академиялық күнтізбеде және оқу жұмыс жоспарында көрсетілген мерзімдерде өткізіледі.

Қанағаттанарлықсыз баға алған студенттерге осы кезеңдегі қорытынды бақылауды қайта тапсыруға тек ақылы түрде кредит төлеп, қайта оқу арқылы рұқсат етіледі. Апелляция беру қарастырылған. Емтихан нәтижесі бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған студент университет бұйрығымен қайтадан оқуға тіркеледі, FX қайта тапсырылады. Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейінгі берілген денсаулық жағдайына байланысты құжаттар қарастырылмайды.

Емтиханға дайындықтың негізгі тақырыптары:

Аптасы	Тақырып атауы
МОДУЛЬ 1 Су құқығының негіздерін дамыту мәселелері	
1	Д 1. ҚР су заңнамасы: түсінігі, пәні, құқықтық реттеу әдістері.
2	Д 2. Су заңнамасының даму тарихы. СЗ 2. Қазақстандағы су заңнамасының қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдері мен бағыттары
3	Д 3. Су қорын қорғау және пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастарына жалпы сипаттама. Су қатынастарының объектілері мен субъектілері. СС 3. Қазақстан Республикасының су қауіпсіздігі. Су қатынастары объектілеріне меншік құқығы және өзге де заттық құқықтар.
4	Д 4. Су пайдалану құқығы СС 4. Су объектілерінің түрлері және оларды пайдалану құқығы Су пайдалану құқығы және оның түрлері, су тұтыну құқығы Су пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттері Су сервитуты
5	Д 5. Су қорын қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеу. СС 5. Су қорын қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару Су қорын қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеу, мемлекеттік бақылау және қадағалау. Мемлекеттік жоспарлау. Су ресурстарын интеграцияланған басқарудың бас жоспары. Су ресурстарын қорғау мен пайдаланудың бассейндік жоспары. Су шаруашылығы баланстары. Су ресурстарын пайдалану туралы ұлттық акпараттық есеп. Су ресурстарының ұлттық акпараттық жүйесі. Су қорын мемлекеттік есепке алу. Су объектілері мен су ресурстарының мемлекеттік мониторингі. Мемлекеттік су кадастры. Су қорын қорғау және пайдалану саласында нормалау және сараптама жүргізу
6	Д 6. Су шаруашылығы ұйымдарының құқықтық мәртебесі. Өндірістік және қоғамдық бақылау, бассейндік кеңес және бассейндік келісімдер СС 6. Су шаруашылығы ұйымдары. Су қорын қорғау және пайдалану саласындағы қоғамдық бақылау. Бассейндік кеңес. Су объектілерін қалпына келтіру және қорғау туралы бассейндік келісімдер. Су ресурстарының пайдаланылуын өндірістік бақылау. Су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды пайдалануға қойылатын жалпы талаптар. Су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды пайдаланудың жалпы ережелері. Құрылысжайлардың тізілімі. Қауіптілігі ықтимал құрылысжайларды пайдалану ерекшеліктері. Қауіптілігі ықтимал құрылысжайлар туралы жалпы

	ережелер. Гидротехникалық құрылысжайларды пайдалану. Гидротехникалық құрылысжайларды қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету. Тірек гидротехникалық құрылысжайларды пайдаланудың ерекше режимі. Гидротехникалық құрылысжайлардың меншік иелерінің (иеленушілерінің) жауапкершілігі
7	Д 7 Су объектілерін қорғау. Су қорғау қызметі СС 7. Су объектілерін қорғау. Жерүсті су объектілерін ластанудан қорғау. Жерүсті су объектілерін қоқыстанудан қорғау. Су объектілерін сарқылудан қорғау. Шағын су объектілерін қорғау ерекшеліктері. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың су объектілерін қорғау ерекшеліктері. Мемлекеттік орман қорының су объектілерін қорғау ерекшеліктері. Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерін қорғау ерекшеліктері. Сулы-батпақты алқаптарды қорғау ерекшеліктері. Мұздықтар мен көпжылдық қарды қорғау ерекшеліктері. Жерүсті су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулері.
МОДУЛЬ 2 Су ресурстары мен су шаруашылығы құрылыс жайларын пайдалану мәселесі	
8	Д 8. Елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелері. СС 8. Елді мекендердің ауызсумен жабдықтау жүйесі. Елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйесі. Елді мекендердің техникалық сумен жабдықтау жүйесі. Кондоминиумдар объектісінің құрамына кіретін сумен жабдықтау және су бұру жүйесі. Елді мекендердің су бұру жүйесі. Елді мекендердің нөсерлік (дренаждық) кәріз жүйесі. Су тұтынушының меншігіндегі сумен жабдықтау және су бұру жүйесі
Аралық бақылау 1	
9	Д 9. Таза суға құқық. Ауызсудың сапасын және сарқынды сулардың құрамын өндірістік бақылау СС 9. Ауызсу сапасын жақсарту жөніндегі талаптар. Су тұтынушылар елді мекендердің орталықтандырылған су бұру жүйелеріне ағызатын сарқынды суларға қойылатын талаптар. Сумен жабдықтау және су бұру саласында су тұтынушылардың құқықтары мен міндеттері. Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру, сарқынды суларды қабылдау бойынша қызметтер көрсетуді уақытша тоқтату немесе шектеу.
10	Д 10. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылысжайларын ауыл шаруашылығында пайдалану. Су объектілері мен су ресурстарын ауыл шаруашылығы мұқтаждықтары үшін пайдалану СС 10. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылысжайларын жерді тұрақты суару үшін пайдалану. Жерлерді суару үшін су пайдалануды жоспарлау. Ирригациялық кондоминиум. Ирригациялық кондоминиум объектісін тіркеу. Ирригациялық кондоминиумға қатысушылардың құқықтары. Ирригациялық кондоминиумға қатысушылардың міндеттері
11	Д 11. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылысжайларын экономиканың өзге де салаларында пайдалану СС 11. Су объектілері мен су ресурстарын өнеркәсіп пен жылу энергетикасы үшін пайдалану. Су объектілері мен су ресурстарын және су шаруашылығы құрылысжайларын гидроэнергетика үшін пайдалану. Су объектілерін сауықтыру және рекреациялық мақсаттарда пайдалану. Су объектілері мен су ресурстарын және су шаруашылығы құрылысжайларын өрт сөндіру үшін пайдалану. Су объектілерін және (немесе) олардың учаскелерін аңшылық шаруашылықты жүргізу үшін пайдалану
12	Д 12. Су ресурстарының ластану түрлері және олардың құқықтық салдары. СС 12. Су ресурстарының ластануынан келтірілген залалды өтеу тетіктері

13	Д 13. Траншекаралық су объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастық қағидаттары
	СЗ 13. Траншекаралық су объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастық тетігі
14	Д 14. Қазақстан Республикасының су заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылыққа сипаттама
	СС 14. ҚР су заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық түрлері: қылмыстық, азаматтық-құқықтық, тәртіптік, әкімшілік жауаптылық
15	Д 15. Су заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының ТМД елдерімен құқықтық қарым-қатынасы. Екі жақты келісімдер, дауларды шешу тәртібі.
	СС 15. Су заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік мәселесі бойынша қазақстандық және шетелдік заңнаманы салыстырмалы талдау

Ұсынылатын әдебиеттер тізбесі

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы № 212 Экологиялық кодексі.// «Әділет» АЖО веб-сайтында электрондық ресурс ретінде қолжетімді: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K070000212>;
2. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексі //Электронды ресурс ретінде «Әділет» АЖО веб-сайтында: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K030000442>;
3. Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 125-VI ЗРК Кодексі.
4. Природоохранное законодательство РК: Учебно-методическое пособие. А.И. Алдабергенова. - Костанай, 2017. - 178 с
5. Айгаринова Г.Т., Джангабулова А.К. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы: оқу құралы—А., 2018. — 448 б.
6. Культелеев С.Т. Экологическое право Республики Казахстан: учебное пособие. — Алматы: «NURPRESS», 2011. — 432 с.
7. Природоохранное законодательство РК: Учебно-методическое пособие. А.И. Алдабергенова. - Костанай, 2017. - 178 с

Интернет-ресурстар: Оқу материалы-дәріс тезистері Экологиялық құқық, сондай-ақ үй тапсырмаларын, жобаларды, СӨЖ орындау үшін қажетті оқу-әдістемелік материалсіздің сайтыңыздағы бетке қол жетімді www.univer.kaznu.kz. ПОӘК бөлімінде.

Бағаны көтермелеумақсатында емтиханды қайта тапсыруға жол берілмейді.

Емтихан сұрақтары тексерістен өтіп бекітіледі.

Емтихан өткізу ережелері

Емтихан нысаны - стандартты ауызша офлайн. Ауызша емтихан: дәстүрлі - сұрақтарға жауаптар. Ауызша емтихан - емтихан кестесі бойынша білім алушы оқытушымен немесе емтихан комиссиясының өкілдерімен қабылданады. Комиссия емтиханның басынан бастап аяқталғанға дейін емтиханның талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

Емтихан форматы - офлайн ауызша.

Емтиханды қабылдау факультет бекіткен кестеге сәйкес қабылданады.

Студенттің ауызша емтихан тапсыру процесі емтихан билетін таңдау түрінде жүзеге асырылады, оған студент емтихан комиссиясына ауызша жауап беруі керек. Ауызша емтихан өткізу кезінде міндетті түрде комиссиямен жүзеге асырылады.

Ауызша емтихан өткізіледі:

- бекітілген дәрісханада;
- комиссия құрамында.

Емтихан өткізуді бақылау

Оқытушы немесе емтихан комиссиясы:

- емтиханның талабын түсіндіреді,
- билет сұрақтарының қайталанбауын тексереді.

Ұзақтығы

Дайындық уақыты - емтихан алушы немесе емтихан комиссиясы шешеді. Жауап беру уақыты - емтихан алушы немесе емтихан комиссиясы шешеді. Билеттің барлық сұрақтарына жауап беру үшін 15-20 минут ұсынылады.

Емтиханды өткізу кестесі емтихан тапсырушы студенттер мен оқытушыларға алдын ала белгілі болуы тиіс, яғни бекітілген кестеге сәйкес, бекітілген дәрісханада өткізіледі. Бұл кафедралар мен факультеттердің жауапкершілігі.

Емтихан форматы - офлайн ауызша. Білім алушы «осы жерде және қазір» нақты уақыт режимінде емтихан тапсырады.

Емтиханның ұзақтығы - бекітілген кестеде күнімен уақыты көрсетіледі.

Билеттер студенттер үшін автоматты түрде жасалады.

Оқытушы

1. Univer жүйесінде «Қорытынды емтихан бағдарламасы» орналастырылады және пән бойынша қорытынды емтихан pdf форматында, онда көрсетілуі керек:

- емтихан өткізу ережелері;
- Бағалаусаясаты;
- өткізукестесі;
- емтихан өткізуплатформасы

Маңызды. Емтихан сұрақтарын жариялауға тыйым салынады. Тек қорытынды емтихан бағдарламасында пән бойынша қамтылатын сұрақтар жазылады.

2. Оқытушы міндетті түрде кестедегі емтихан күнін белгілегеннен кейін студенттерге қорытынды емтиханның ережелері қайда орналасқанын хабарлайды.

Емтихан регламентін жариялайды:

- емтихан тапсырушылардың тәртібі,
- дайындық уақыты,
- жауап беру уақыты;
- қажет болған жағдайда қағазда жауаптардың тезистерін құрастыруға рұқсат береді;

- қаламмен;
- емтихан алушы парақты көрсетуі керек екенін ескертеді.

Оқытушы:

1. емтихан тапсырушының тегін, атын және әкесінің атын жариялайды;
2. емтихан алушыдан жекебасын куәландыратын құжатты көрсетуді сұрайды (жеке куәлік немесе төлқұжат. Емтиханды ID-карта бойынша қабылдауға тыйым салынады);
3. қосымша ақпарат көздерін пайдалануға тыйым салу туралы ескертеді;
4. емтихан комиссиясының төрағасы студенттің аты-жөнін атайды, емтихан билеті және билет сұрақтарын оқыңыз;
6. комиссия студент айтқан сұрақтарды кейінгі сауалнама үшін жазады;
7. жауап дайындауға уақыт береді:
 - дайындық уақытын оқытушы және/немесе Комиссия мүшелері анықтайды;
 - комиссия мүшелерімен оқытушы студенттің дайындық процесін бақылайды;
 - қажет болған жағдайда ескертулер жасау немесе студенттің жауабын тоқтату (болған жағдайда бұзу актісін жасай отырып, емтихандағы мінез - құлық қағидаларын өрескел бұзу);
 - студенттің жауаптың конспектісін жасау үшін жобаны пайдалануға рұқсат етіледі;
8. студенттің билет сұрақтары бойынша сұрайды;
9. студенттің жауабы аяқталғаннан кейін емтихан тапсырушыға кетуге рұқсат береді;
10. әріқарай, рәсім топтың әр студенттерімен қайталанады.

СТУДЕНТТЕР

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ. СТУДЕНТТІҢ ЕМТИХАН ТАПСЫРУ ҮШІН КОМИССИЯ ЖЕКЕ ШАҚЫРҒАНҒА ДЕЙІН БИЛЕТ АШУҒА ҚҰҚЫҒЫ ЖОҚ. ТЕК КОМИССИЯНЫҢ ӨТІНІШІ БОЙЫНША СТУДЕНТ ӨЗ БИЛЕТІН АШАДЫ.

Емтихан басталған кезде комиссия шақырған студент өзінің жеке куәлігін көрсетеді.

Маңызды. Емтихан басталар алдында кез келген емтихан билеттерін жариялауға және білім алушыларға жіберуге тыйым салынады.

Ауызша емтихан үшін аттестаттау ведомостқа балл қою уақыты—48 сағат. Сонымен:

1. Емтихан кесте бойынша өткізіледі.
2. Студенттер мен оқытушы емтихан күнімен уақытын алдын-ала білуі керек.
3. Univer жүйсінде пән бойынша қорытынды емтихан құжатын орналастыруға міндетті.
4. Емтихан басталғанға дейін студенттер алдын ала кеңес беру арқылы байланысады.
5. Емтихан комиссиясының төрағасы емтиханның талабын түсіндіреді.
6. 48 сағат ішінде студенттер жинаған баллдар аттестаттау ведомостқа қойылады.

Бағалау саясаты:

Критериалды бағалау: дескрипторларға сәйкес оқыту нәтижелерін бағалау (аралық бақылау мен емтихандарда құзыреттіліктің қалыптасуын тексеру).

Жиынтық бағалау: аудиториядағы (вебинардағы) жұмыстың белсенділігін бағалау; орындалған тапсырманы бағалау. Пән бойынша қорытынды баға келесі формула бойынша есептеледі:

Бағалау саясаты:

Критериалды бағалау: дескрипторларға сәйкес оқыту нәтижелерін бағалау (аралық бақылау мен емтихандарда құзыреттіліктің қалыптасуын тексеру).

Жиынтық бағалау: аудиториядағы (вебинардағы) жұмыстың белсенділігін бағалау; орындалған тапсырманы бағалау. Пән бойынша қорытынды баға келесі формула бойынша есептеледі:
(АБ1+АБ2)/2·0,6+АБ·0,4.

Мұнда АБ – аралық бақылау; ҚБ –

қорытынды бақылау(емтихан).

Бағалау шкаласы силлабуста

беріледі:

Әріптік жүйе бойынша баға	Сандық эквивалент	Баллдары(%-дық көрсеткіші)	Дәстүрліжүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

